

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Көмір және Болат жөніндегі Еуропа Қауымдастығы арасындағы болаттан жасалған белгілі бір бұйымдарды сату жөніндегі Келісім

Келісім 1999 жылғы 15 желтоқсан Брюссель қаласы. Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.

Көмір және Болат жөніндегі Еуропалық қауымдастық,
б і р т а р а п т а н , ж ә н е
Қазақстан Республикасының Үкіметі,
е к і н ш і т а р а п т а н ,

Қазақстан Республикасының Үкіметі (әрі қарай "Қазақстан" деп аталатын) мен Көмір және Болат жөніндегі Еуропалық Қауымдастық (әрі қарай "Қауымдастық" деп аталатын) Қазақстан мен Көмір және Болат жөніндегі Еуропалық Қауымдастық арасындағы болат сатудың реттелуіне және әділ дамытылуына мүмкіндік туғызуды қ а л а й т ы н д ы қ т а н ;

Тараптар бұл Келісім 1995 жылдың 23-қаңтарында қол қойылған Қазақстан мен Еуропалық Қауымдастық және олардың мүшелері арасындағы Әріптестік және Ынтымақтастық туралы Келісімде Z970113_ (әрі қарай "Әріптестік және Ынтымақтастық туралы Келісім" деп аталады) көзделгендей, еркін сауда аймағын дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды деп санайтындықтан;

Тараптар болаттан жасалған осындай бұйымдармен сауда тұрақтылығын қамтамасыз ету туралы келісім жасау қажет деп санайтындықтан;

Мұндай Келісім Әріптестік пен Ынтымақтастық туралы Келісімнің 17 (1)-бабында көзделгендіктен; бұл бап КБЕБ-пен болаттан жасалған бұйымдармен сауданы Әріптестік пен Ынтымақтастық туралы Шарттың 3-бөлімімен, 11-бапты қоспағанда, р е т т е у д і к ө з д е й т і н д і к т е н ;

Әріптестік пен Ынтымақтастық туралы келісімнің 43-бабы (4) Тараптар олардың арасындағы саудаға қатысты болған жағдайда, бәсекелестік туралы өздерінің сәйкес заңдарын қолдану жөнінде өзара келісім бойынша жалпы негіз белгілейді деп к ө з д е й т і н д і к т е н ;

Көмір мен болат жөніндегі Еуропалық Қауымдастықты құру Шартында көрсетілген жекелеген бұйымдар саудасы 1996 жылы екі жақты қарым-қатынасты дамытуды назарға алған одан арғы келісімді ауыстыратын тараптар арасындағы келісімге сәйкес жүзеге а с у ы т и і с б о л ғ а н д ы қ т а н ;

Бұл Келісім Көмір және Болат жөніндегі Еуропалық Қауымдастықты құру Шартында көрсетілген жекелеген бұйымдарды сатудағы сандық шектеулерді жоюға

мүмкіндік беретін базаны құру үшін, белгілі бір шарттарды орындағанда, атап айтқанда , осы Келісімде қамтылғандай, болат бұйымдарына қатысты бәсекелестік жағдайлар туғызғанда, жасалатындықтан;

Бұл Келісім Тараптардың болат құю өнеркәсібіне қатысты, Әріптестік пен Ынтымақтастық туралы Келісімде көзделген және уақытша Шарттың шеңберінде орындалған КБЕБ байланыс топтары шеңберіндегі ақпараттармен алмасуды қосқандағы, ынтымақтастығы кезінде орындалуы тиіс болғандықтан;

Тараптар осы Келісімді жасауды және өздерінің өкілетті тұлғалары ретінде:

Төмендегілер туралы келіскен Қазақстан Республикасының Үкіметін және Еуропалық қауымдастық комиссиясын тағайындауды шешті:

1-бап

1. КБЕБ Шарттарында көрсетілген және 1-қосымшада қамтылған, Тараптар жасайтын (одан әрі - "осы Келісімде қамтылған бұйымдар") болаттан жасалған бұйымдар саудасы осы Келісімде баяндалған шарттарды ескере отырып, жүзеге асырылуы тиіс.

2. КБЕБ Шартында көрсетілген, бірақ 1-қосымшада қамтылмаған, болаттан жасалған бұйымдармен сауда Тараптар арасындағы сауда және онымен байланысты мәселелер жөніндегі қолданылып жүрген келісімдердің сәйкес ережелерін, атап айтқанда, антидемпингтік рәсімдер мен қорғау шараларына жататын ережелерін қолдануға нұқсансыз сандық шектеуіне түспейді.

2-бап

1. Қазақстан 2-қосымшаға сәйкес әрбір күнтізбелік жылда Бірлестікке болаттан жасалған өз бұйымдарының экспортына сандық шектеулер белгілеуге және сақтауға келіседі. Мұндай экспорт А Хаттамасына сәйкес қосарлы бақылауға жатады.

2. Қауымдастық Б Хаттамасына сәйкес белгіленген бәсекелестік шарттарын Қазақстан орындаған кезде болат өнімін сатуға қатысты толық ырықтандыруды жүзеге асырудағы өз міндеттемелерін растайды.

3. Тараптың кез келгенінің талап етуі бойынша Тараптар осы Келісімде қамтылған бұйымдарға қатысты орын алған бәсекелестік жағдайлар сандық шектеуді сақтауды талап ете ме - соны анықтау үшін кеңеседі. Осы 3-тармақпен көзделген консультациялар осы Келісімді қолданудың кез келген уақытта кезеңінде талап етілуі мүмкін.

4. Осы баптың 3-тармағының ережелеріне нұқсан келтірмей, осы Келісімнің күшіне енген күнінен бастап 18 айдан аспайтындай болғанша бәсекелестік жағдайларының дамуына баға береді. Тараптар осы Келісімнің әрекетін талқылау үшін және осы Келісімде қамтылған бұйымдар бәсекелестік жағдайлары, осы Келісім тоқтағанша алты

айдан кешіктірмей, сандық шектеулердің сақталуын талап ете ме - соны анықтау үшін қандай жағдай болмасын кездесе алады.

5. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген консультациялар мен бағалаулары мақсаттары үшін Тараптар Қазақстанның бәсекелестік, мемлекеттік көмек пен қоршаған ортаны қорғау, Әріптестік пен Ынтымақтастық туралы Келісімде көзделген Тараптар арасындағы қарым-қатынасты, одан әрі дамыту туралы Б Хаттамасы ережелерінің орындалуына және Тараптар экономикаларының дамуына е р е к ш е к ө ң і л б ө л е д і .

6. Осы баптың 3-тармағына нұқсан келтірмей, кез келген уақытта:
- осы Келісіммен қамтылған бұйымдарға қатысты жағдайлар едәуір нашарлағанда немесе жақсарған кезде 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулер деңгейіне;
- бұйымдардың шектеуіне қатысты пайдаланылмаған санын бұйымдардың бір тобынан екінші тобына ауыстыру мүмкіндігіне қатысты консультация талап ете алады.

7. Осы Келісімнің күші кез келген жағдайда Қазақстан Бүкілодақтық Сауда Ұйымына енгенге дейін талқыланады.

3-бап

1. Осы Келісімде қамтылған болаттан жасалған бұйымдарды еркін айналым үшін Қауымдастықтың кедендік аумағына әкелу Қазақстанның құзыретті органдары берген сараптау лицензиясы және А Хаттамасына сәйкес шығуы туралы сертификаты болғанда ғана жүзеге асырылады.

2. Осы Келісімде көзделген болаттан жасалған бұйымдарды олардың еркін айналуы үшін Қауымдастықтың кедендік аумағына әкелу егер олар Қауымдастықтан сол күйінде немесе өңделгеннен кейін кері экспортталатын болса, Қауымдастықтағы бақылаудың әкімшілік жүйесі шеңберінде, 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулер ескерілместен, жүзеге асырылады.

3. Қандай да болсын күнтізбелік жыл ішінде пайдаланылмаған сандық шектеулер көлемінен сәйкес күнтізбелік жылда қалған сәйкес сандық шектеулердің артығы ол пайдаланылмаған бір жылға есептегенде сәйкес сандық шектеудің 7 процентін құрауы мүмкін. Қазақстан егер де ол осындай ережені қолдануды жоспарласа, келесі жылдың 1 -наурызынан кешіктірмей Қауымдастықты хабардар етеді.

4. Бұйымдардың белгілі бір тобына сандық шектеу күнтізбелік жыл ішінде бір рет екі жақтың келісуімен қайта қаралуы мүмкін. Ауыстырумен байланысты сандық шектеулерге кез келген түзетулер ағымдағы күнтізбелік жылға жатады. Келесі күнтізбелік жылдың басындағы сандық шектеулер осы баптың 3-тармағының ережелеріне нұқсан келтірместен 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулермен

сәйкес келуі тиіс. Бұл жерде осы баптың 3-тармағының ережелеріне нұқсан келмеу керек. Қазақстан осындай ережені қолдануды жоспарлаған болса, 30-маусымнан кешіктірмей Қауымдастықты хабардар етеді.

4-бап

1. Қосарлы бақылау жүйесін тезірек енгізу және кері пиғылда пайдалану мен теріс пайдаланушылықтың алдын алу үшін:

- Қазақстанның тиісті органдары Қауымдастықтың тиісті органдарын әр айдың 28-не өткен айға берілген экспортқа лицензиялар туралы хабардар етеді;

- Қауымдастықтың тиісті органдары Қазақстанның тиісті органдарын әр айдың 28-не өткен айға берілген импортқа рұқсат туралы хабардар етеді.

Мұндай ақпарат кезінде қандай да болмасын ауытқулар болған жағдайда мұндай ақпараттың берілу уақытын ескере отырып, Тараптың кез келгені кешіктірілмей өткізілетін консультацияларды талап ете алады.

2. Осы баптың 1-тармағына нұқсан келтірмей және осы Келісімнің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында екі Тарап тауарлардың саны мен сыныптамасына қатысты тасымалдау кезінде маршрутты ауыстыру, жалған құжаттар толтыру, тауарды шығарған ел мен оның орналасқан жері туралы жалған өтініштерді болдырмау, тексеру және осыларға ұқсас басқа да жағдайларға қарсы барлық тиісті құқықтық және (немесе әкімшілік әрекеттер қолдану мақсатында барлық қажетті шаралар қолдану туралы келіседі. Сәйкесінше, сәйкес экспортшыларға және) немесе импорттаушыларға міндетті және құқықтық жөнге салу шараларын қолдануды өзіне қосатын бұзуларға қарсы тиімді әрекеттерге рұқсат беретін тиісті құқықтық ережелер мен әкімшілік ресімдерді белгілеуге келіседі.

3. Егер Тараптың қайсы бірі өзінде бар ақпараттың негізінде осы Келісім бұзылған деп есептесе, ол басқа Тараптан тез арада өткізілетін консультацияларды талап ете алады.

4. Осы баптың 3-тармағында аталған консультациялардың нәтижесін күте отырып және Қауымдастықтың талап етуі бойынша және жеткілікті дәлелдер болған жағдайда, Қазақстан осы консультацияларға байланысты туындауы мүмкін, күнтізбелік жылға енгізілген, осы баптың 3-тармағы бойынша консультацияны талап еткен, немесе, егер мұндай күнтізбек лимиті біткен болса, келесі жылға сандық шектеулерге енгізілетін кез келген түзетуді қамтамасыз етеді.

5. Егер Тараптар консультация кезінде осы баптың 3-тармағына сәйкес екі жақты шешімге келе алмаса, Қауымдастық осы келісіммен қамтылған, Қазақстанда шығатын бұйымдар осы Келісімді бұзу арқылы импортталғандығы туралы жеткілікті дәлелдер болған жағдайда осы Келісіммен белгіленген сандық шектеулер есебіне сәйкес сандық оюға құқығы бар.

6. Егер Тараптар осы баптың 3-тармағына сәйкес консультация кезінде екі жақты шешімге келе алмаса, Қауымдастықтың, егер қолда бар дәлелдер тауарлар саны мен сыныпталуы туралы жалған мәліметті бейнелесе, онда күмәнді бұйымдардың импортынан бас тартуға құқығы бар.

7. Тараптар осы Келісімнің бұзылуы нәтижесінде туындайтын барлық проблемаларды болдырмау және тиімді шешу үшін тығыз қарым-қатынас жасауға келіседі.

5-бап

1. КБЕБ-і болатынан жасалған бұйымдардың импортына осы Келісімде белгілеген сандық шектеулерді Қауымдастық аймақ бойынша бөліктерге бөлмеуі тиіс.

2. Тараптар Қауымдастықпен дәстүрлі саудадағы күтпеген және қолайсыз әсері бар өзгерістерді болдырмау үшін ынтымақтастық қарым-қатынас жасайды. Қауымдастықпен дәстүрлі саудада күтпеген және қолайсыз әсері бар өзгерістер болған жағдайда (аймақтық шоғырландыруды немесе дәстүрлі жеткізілімнің жоғалуын қосқанда), Қауымдастық туындаған проблеманы шешу үшін консультация талап етуге құқылы. Мұндай консультациялар кешіктірілмей өткізіледі.

3. Қазақстан сандық шектеуге түсетін бұйымдардың Қауымдастыққа экспортының мүмкіндігінше жыл бойы тепе-тең жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Импорт күтпеген және қолайсыз тез өскен жағдайда Қауымдастық туындаған проблеманы шешу үшін консультация талап етуге құқылы. Мұндай консультациялар кешіктірілмей өткізіледі.

4. Осы баптың 3-тармағындағы міндеттемелерден бөлек, 2-баптың 5-тармағында көзделген консультацияларға нұқсан келтірмей, егер қазақстандық органдар берген лицензиялар тиісті белгілі бір жылдағы сандық шектеулердің 90 процентін құраған жағдайда, Тараптардың кез келгені осындай жылға сандық шектеулер туралы консультация талап ете алады. Мұндай консультациялар кешіктірілмей өткізіледі. Мұндай консультациялардың нәтижесін күте отырып, Қазақстанның құзыретті органдары осы Келісімде көрсетілген бұйымдардың экспортына, егер олар 2-қосымшада көрсетілген саннан аспайтын жағдайда, лицензия беруді жалғастыра алады.

6-бап

1. Осы Келісім бойынша тізімге енгізілген өнімнің қандай да болмасын түрі Қауымдастықтың өндіруші елдері үшін едәуір нұқсан келтіретін немесе келтіруі мүмкін шарттар негізінде Қазақстаннан Қауымдастыққа импортталатын болса, Қауымдастық Қазақстанға екі жақ үшін де қолайлы шешім табуға тырысу үшін барлық тиісті ақпаратты береді. Тараптар консультацияларды кешіктірмей бастауы тиіс.

2. 6-баптың 1-тармағында айтылған консультацияларды өткізу кезінде

Қауымдастықтың консультацияны бастау жөніндегі өтініш берген күнінен бастап 30 күн бойына келісімге қол жеткізу мүмкін болмаса, Қауымдастық сауда туралы тиісті келісімдердің орындалуына жетелейтін қорғау шараларына және тараптар арасындағы қолданылып жүрген саудамен байланысты мәселелерге қатысты құқықтарын пайдалана алады және тиісті қадамдар жасай алады.

3. 1-тармаққа сәйкес консультацияларға құқықтармен пайдалану 2-қосымшаға енгізілген сандық шектеулерге қарамастан, тараптар арасындағы тиісті келісімдерді орындауды қамтамасыз ететін антидемпингтік рәсімдерге қатысты әрекеттер қолдану мүмкіндігін жоққа шығармайды.

7-бап

1. Осы Келісіммен қамтылған бұйымдардың сыныптамасы Қауымдастықтың тарифтік және статистикалық номенклатурасына (одан әрі біріктірілген номенклатура немесе қысқарған түрде БН деп аталады) және оған жасалған кез келген түзетуге негізделеді. Осы Келісіммен немесе тауарлар сыныптамасы туралы кез келген шешіммен қамтылған бұйымдар жөніндегі Қауымдастықта қолданылып жүрген ережелерге сәйкес жасалған БН-ға енгізілетін кез келген түзетудің осы Келісім бойынша сандық шектеулерді қысқартуға мүмкіндік беретін әрекеті болмайды.

2. Осы Келісіммен қамтылған бұйымдардың шығуы Қауымдастықта қолданылып жүрген ережелерге сәйкес айқындалады. Бұл ережелерге жасалатын кез келген түзету Қазақстанмен талқылануы керек және оның осы Келісімнің сандық шектеулерін қысқартуға мүмкіндік беретін күші болмайды. Бұйымдардың өтуін бақылау, жоғарыда аталғандай, А Хаттамада баяндалған.

8-бап

1. Осы Келісімнің 4-бабына (1) сәйкес экспортқа және импортқа лицензия мен импортқа рұқсат туралы мерзімді ақпарат алмасуға нұқсан келтірмей, тараптар 2-қосымшада баяндалған сандық шектеулерге түсетін бұйымдар туралы барлық статистикалық ақпаратпен осы Келісімнің 3-бабына сәйкес берілген экспортқа лицензия мен импортқа рұқсатты, мұндай бұйымдарға қатысты импорт пен экспорт туралы статистикалық мәліметтерді қамтитын, талап етіліп отырған ақпарат берілуі тиіс өте қысқа уақытты нысанға ала отырып, белгілі бір уақытта алмасу туралы келіседі.

2. Тараптың кез келгені бір-біріне ақпарат беру кезінде кез келген ауытқу орын алған жағдайда консультация талап ете алады.

9-бап

1. Консультациялар кез келген тараптардың талаптары бойынша осы Келісімнің қолданылуынан туындайтын проблемалардың кез келгені бойынша осы Келісімнің алдыңғы баптарында ескерілген жағдайларға қатысты көзделген консультациялар туралы ережелерге нұқсан келтірмей өткізіледі. Кез келген консультация тараптар арасында туындаған проблемаларды шешу ынтымақтастық және де ықыластық р у х ы н д а ө т к і з і л е д і .

2. Егер осы Келісімде консультация тез арада кешіктірілмей өткізіледі деп көзделсе, осы Келісімнің тараптары осындай консультацияны тез арада кешіктірмей өткізу үшін барлық і с - қ и м ы л д а р д ы ж а с а й д ы .

3. Барлық басқа консультациялар мына ережелермен реттеледі:

- Тараптардың кез-келгені екінші Тарапқа консультацияларды талап ету туралы ж а з б а ш а т ү р д е х а б а р л а й д ы ;

- егер қабылдайтындай болса, мұндай консультациялардың себептері көрсетілген талап есеппен бірге ақылға қонымды мерзім ішінде беріледі;

- консультациялар басталған күнінен бастап бір ай ішінде, егер мұндай мерзім тараптардың Келісімі бойынша ұзартылмаса, өзара қабылдауға болатын шешім ш ы ғ а р ы л а д ы .

4. Жекелеген қосымша консультациялар, сондай-ақ Уағдаласушы Тараптардың келісімі бойынша өткізілуі мүмкін.

10-бап

1. Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Келісім 2 (3)-бапқа сәйкес консультациялар барысында, егер ол осы баптың 3-тармағының ережелеріне сәйкес бұзылмаса немесе 2-баптың 3, 4 және 7-тармақтарында көзделген жағдайлардың нәтижесінде тоқтатылмаса, келісілген кез келген өзгертулерді есепке ала отырып 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолдануда болады.

2. Тараптардың қайсысы болсын кез келген уақытта Тараптардың қайсысының болсын талап етуі бойынша консультацияларда талқылауға жататын өзгерістер ұсына а л а д ы .

3. Тараптардың қайсысы болсын кем дегенде алты ай бұрын осы Келісімді бұзу туралы хабарлап, оны бұза алады. Бұл жағдайда Келісім хабарлаудың мерзімі өткен күннен бастап өзінің әрекетін тоқтатады, және осы Келісімнің 2-қосымшасында белгіленген Қауымдастықтағы сандық шектеулер, егер Тараптар басқасына келіспесе, бұзылу басталған күннен бастап тепе-тең қысқартылады.

4. Қауымдастық кез-келген уақытта барлық сәйкес шараларды, 1-тармақта ескерілген консультацияларда екі жақты шешімге келе алмайтындай жағдайларды қоса алғанда, немесе осы Келісім Тараптардың бір жағы осы Келісімнің 1-қосымшасында көрсетілген Қазақстаннан экспортталатын бұйымдарға қатысты автономды

квоталардың жаңа жүйесін енгізу бойынша бұзылса, қолдану құқығын өзінде сақтайды.

5. Осы Келісімнің қосымшалары мен хаттамалары осы Келісімнің құрамдас бөлігі
б о л ы п т а б ы л а д ы .

6. Осы Келісіммен қамтылған бұйымдарға қатысты осы Келісімнің ережелері
Тараптар арасындағы басқа екі жақты Келісімдердің осыған ұқсас мәніне қатысты
ережелеріне қарағанда басымдылық маңызда болады.

11-бап

Осы Келісім дат, голланд, ағылшын, фин, француз, неміс, грек, итальян, португал,
испан, швед, қазақ және орыс тілдерінде жасалды және оның жоғарыда аталған әр
тілдердегі мәтінінің күштері бірдей.

I ҚОСЫМША

ҚАЗАҚСТАН

SA Табақты	SA 3 Басқа	
прокат	табақты	
SA 1 Орамы	прокат	
7208 10 00	7208 40 90	7210 90 33
7208 25 00	7208 53 90	7210 90 38
7208 26 00	7208 54 10	7210 14 90
7208 27 00	7208 54 90	7211 19 90
7208 36 00	7208 90 10	7211 23 10
7208 37 90	7209 15 00	7211 23 51
7208 38 90	7209 16 10	7211 29 20
7208 39 90	7209 16 90	7211 90 11
7211 14 10	7209 17 10	7212 10 10
7211 19 20	7209 17 90	7212 10 91
7219 11 00	7209 18 10	7212 20 11
7219 12 10	7209 18 91	7212 30 11
7219 12 90	7209 18 99	7212 40 10
7219 13 30	7209 25 00	7212 40 91
7219 13 90	7209 26 10	7212 50 31
7219 14 10	7209 26 90	7212 50 51
7219 14 90	7209 27 10	7212 60 11
7225 20 20	7209 27 90	7212 60 91
7225 30 00	7209 28 10	7212 21 10
SA1a Қайталама	7209 28 90	7212 21 90
		7219 22 10

прокатқа арналған орамдар	7209 90 10	7219 22 90
7208 37 10	7210 11 10	7219 23 00
7208 38 10	7210 12 11	7219 24 00
7208 39 10	7210 12 19	7219 31 00
SA2 Қалың табақты болат	7210 20 10	7219 32 10
7208 40 10	7210 30 10	7219 32 90
7208 51 10	7210 41 10	7219 33 10
7208 50 30	7210 49 10	7219 33 90
7208 51 50	7210 50 10	7219 34 10
7208 51 91	7210 61 10	7219 34 90
7 2 0 8	7210 69 10	7219 35 10
7 2 0 8	7210 70 31	7219 35 90
7 2 0 8	7210 70 39	7225 40 80
7211 13 00	7 2 0 8 5 1 9 9	7 2 1 0 9 0 3 1
	7 2 0 8 5 2	1 0
	7 2 0 8 5 2	9 1
	7 2 0 8 5 2	9 9
	7 2 0 8 5 3	1 0

II ҚОСЫМША
САНДЫҚ ШЕКТЕУЛЕР
(тонна)

Ө н і м 2 0 0 0 2 0 0 1

8 А Табақ прокаты		
SA Ораулар	34671	35537
SA 1a Қайталама	20500	21013
прокатқа арналған ораулар		
SA Қалың табақты болат	12608	12923
SA Басқа табақты прокат	10506	10769

Ескерту: 2000-2001 жылдарға арналған сандық шектеулер Келісімнің 2-бабында түсіндірілгендей Б Хаттамасының орындалуына сәйкес қайта қаралатын болады.

ХАТТАМА

- 1999 ж. 15 желтоқсанда қол қойылған Қазақстан мен Көмір және Болат жөніндегі Еуропа Бірлестігінің арасындағы болаттан жасалған белгіленген бұйымдармен сауда жасау жөніндегі келісімнің контекстінде, Тараптар:

- Тараптар 4-бапта (1) көзделген экспорттық лицензиялар мен импортқа арналған рұқсаттар қатысындағы ақпаратпен алмасуға сәйкес мұндай ақпаратты толықтай Қауымдастыққа да, Қауымдастыққа Мүше Мемлекеттерге де ұсынатын болады;

- Қазақстан 5-бапта (2) көзделген консультациялардың қанағаттандырыларлық нәтижесін күтіп, Қауымдастық талап етсе, дәстүрлі саудадағы күтпеген және келеңсіз өзгерістердің проблемаларын ушықтыруға мүмкіндік бермейтін экспорттық лицензияларды беруді кідірте тұрып ынтымақтастықты жалғастырады;

- Қазақстан Қауымдастықтың аумағындағы шағын аймақтық рыноктардың сезімтал табиғатын, беріп отырулар үшін олардың дәстүрлі қажеттігіне көзқарас тұрғысынан сияқты аймақтық шоғырлануды болдырмауды да ескереді.

1-Декларация

Брюссель қаласында 1999 ж. 15 желтоқсанда қол қойылған Қазақстан мен Көмір және Болат жөніндегі Еуропа Бірлестігінің арасындағы болаттан жасалған белгілі бір бұйымдармен сауда жасау жөніндегі келісімнің және, әсіресе, Келісімнің 2-тармағының контекстінде, Тараптар Б Хаттамасының орындалуын қолдау үшін техникалық көмек Тасис бағдарламасы арқылы қамтамасыз етілетін болады деп келісті.

Осы техникалық көмектің бірінші ширегі келісім күшіне енгеннен кейін басталады, ол Қазақстанның Б Хаттамасын орындауының деңгейіне баға беруге және осы процесті аяқтау үшін қажет одан арғы қадамдарды ұсынуға тиіс. Осы ширектің аяқталуының нәтижесі есеп пен іс-қимылдардың жоспары болуға тиіс, оларды Тараптар қарауға және келісуге тиіс. Егер есеп Қазақстандағы болат секторындағы бәсеке жағдайлары көптеген жағынан Б Хаттамасына сәйкес келсе және егер Қазақстан іс-қимылдардың келісілген жоспарына сәйкес қалған қадамдарды орындау жөнінде өзіне міндеттеме алатын болса, тараптар едәуір ұлғайтылған сандық лимиттерді дереу құруға келіседі.

Техникалық көмектің екінші ширегі іс-қимылдардың келісілген жоспарын орындау үшін тараптарға қолдауды қамтамасыз етуге тиіс (Қазақстанның заңдарын бейімдеу, қажетті институттар мен оқытуды дамыту жөніндегі кеңестер).

Екі Тарап Б Хаттамасымен белгіленген міндеттемелер орындалғаннан кейін КБЕБ-ң болаттан жасалған өнімдерімен сауданы ырықтандыру ниетін растады.

2-Декларация

Брюссель қаласында 1999 ж. 15 желтоқсанда қол қойылған Қазақстан мен КБЕБ-ң арасындағы болаттан жасалған белгілі бір бұйымдармен сауда жасау туралы Келісімнің контекстінде Тараптар екінші елге қатысты сандық шектеулерді, кеден баждарын,

өсімдерді немесе 7204 Қиыстырылған Номенклатураға сәйкес қорытпа қалдықтар мен жоңқаның экспортына тең әсері басқа да шараларды қолданбайды деп уағдаласты.

3-Декларация

Брюссель қаласында 1999 ж. 15 желтоқсанда қол қойылған Қазақстан мен Көмір және Болат жөніндегі Еуропа Бірлестігі арасындағы болаттан жасалған белгілі бір бұйымдармен сауда жасау жөніндегі келісімнің және, әсіресе, Келісімнің 2-тармағының контекстінде, Тараптар осы Келісімнің 1999 жылы күшіне енуі үшін өздерінің барлық күштерін салады деп уағдаласты.

1999 жылдың 1 қаңтарында Келісімді келтіру мүмкін болмаған жағдайда қауымдастықтың дербес квоталары Келісім күшіне енгенге дейін жаңартылатын болады; енген күннен бастап 1999 жылдың 31 желтоқсанына дейін Қазақстанға бөлінетін сандар Келісімнің II Қосымшасында көрсетілгендер болады, мұнда дербес квоталардан шегеріліп тасталған тиісті сандар қосылмайды.

A ХАТТАМАСЫ

I ТАРАУ

Жіктеу

1-бап

1. Қауымдастықтың құзыретті органдары осы Келісіммен қамтылған бұйымдардың қатысында Қауымдастықтың оларды күшіне енгізген күнге дейін Біріктірілген Номенклатурадағы кез келген өзгерістер туралы Қазақстанды хабардар етуге міндеттенеді.

2. Қауымдастықтың құзыретті органдары осы Келісіммен қамтылған бұйымдарды жіктеуге қатысты кез келген шешімдер туралы олардың қабылдану күнінен бір ай ішінде Қазақстанның құзыретті органдарын хабардар етуге міндеттенеді.

М ұ н д а й с и п а т т а у :

- а) осындай бұйымдардың сипатынан;
- б) БН-ының тиісті кодтарынан;
- с) осындай шешімді туындатқан себептерден тұрады.

3. Жіктеу туралы шешім Келісіммен қамтылған кез келген бұйымның жіктеу практикасын өзгертуге әкеп соқтырса, Қауымдастықтың құзыретті органдары Келісім хабарлаған күннен бастап шешім күшіне енген күнге дейін 30 күн бұрын хабарлама ұсынады. Шешім күшіне енген күнге дейін жіберілген бұйымдар сұрақ астындағы тауарларды Қауымдастыққа импорттау үшін осы күннен бастап 60 күн ішінде ұсыну шартымен жіктеудің бастапқы іс-тәжірибесіне жатуды жалғастырады.

4. Қауымдастықтың Келісіммен қамтылған кез келген бұйымның жіктеудің

іс-тәжірибесін өзгертуді туындатқан шешімі сандық шектеулерге түсетін санатқа қатысты болса, тараптар Келісімнің 7-бабындағы (1) міндеттемелерді орындау мақсатымен Келісімнің 9-бабында (3) жазылған тәртіпке сәйкес консультациялар өткізуге келіседі.

5. Қазақстанның және қауымдастықтың құзыретті органдарының Келісіммен қамтылған бұйымдарды жіктеу мәселелері бойынша пікірлерінде алшақтық болса, жіктеу осындай бұйымдарды белгіленген жіктеу туралы келісімге қол жеткізу мақсатымен 9-бапқа сәйкес консультациялар өткізгенге дейін Қауымдастық ұсынған көрсеткіштерге негізделуге тиіс.

II ТАРАУ

Тегі

2-бап

1. Қазақстанда өндірілген бұйымдарда Қауымдастыққа экспорттау туралы Қауымдастықтың қолданылып жүрген ережелеріне сәйкес, Келісіммен көзделген уағдаластықтарға сәйкес осы Хаттамаға қоса берілген нысан бойынша қазақстандық шығу сертификаты болады.

2. Шығу сертификатын Қазақстанның заңдары бойынша мұндай бұйымдар Қазақстанда шығарылған деп саналуы мүмкін екенін осы мақсаттарға уәкілеттендірілген қазақстандық ұйымдар растайды.

3-бап

Шығу сертификаты экспорттаушы жазбаша түрде орындаған өтініш бойынша ғана немесе экспорттаушының немесе оның уәкілетті өкілінің жауапкершілігімен шығарылады. Қазақстанның заңдары бойынша осы мақсаттар үшін уәкілеттендірілген қазақстандық ұйымдар сертификаттың тиісті түрде ресімделуін қамтамасыз етеді және осы мақсат үшін кез келген құжаттамалық дәлелді талап етеді немесе өздері қажет деп санаған кез келген тексеруді жүзеге асырады.

4-бап

Бұйымдардың импорттау кезінде нысандылықты орындау үшін шығу сертификатында ұсынылған өтініштер мен кеден органы табыс етілген құжаттардағы шамалы айырмашылықтарды айқындау сертификаттағы өтініштер қатысында осыған байланысты сенімсіздіктер туғызбауы тиіс.

III ТАРАУ

Сандық шектеулерге жататын бұйымдарына арналған екі ұдай бақылау жүйесі

I бөлім

Экспорттау 5-бап

Қазақстанның тиісті мемлекеттік органдары осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулердің шектерінде Келісіммен қамтылған болаттан жасалған бұйымдарды Қазақстаннан экспорттауға арналған лицензия береді.

6-бап

1. Экспортқа арналған лицензия осы хаттамаға тіркелген нысанға сәйкес келуге және Қауымдастықтың кеден аймағына экспорттау үшін жарамды болуға тиіс.
2. Экспортқа арналған әр лицензия барлығының арасында осындай бұйымдардың саны осы Келісімге 2-қосымшада осындай бұйым үшін белгіленген тиісті сандық шектеулердің есебіне есепке жатқызылғанын растауға тиіс.

7-бап

Қауымдастықтың құзыретті органдары экспортқа арналған бұрын берілген лицензияның жойылғаны немесе өзгергені туралы дереу хабардар етілуге тиіс.

8-бап

1. Экспорт, онда егер экспортқа лицензия осындай жөнелтуден кейін берілсе де бұйымды жөнелту жүзеге асырылған жылға белгіленген сандық шектеулердің есебіне ж а т қ ы з ы л а д ы .
2. Осы баптың бір тармақшасын қолдану мақсаты үшін тауарды жөнелту оны экспорттық көлікке тиелген сәттен бастап жүзеге асырылды деп есептеледі.

9-бап

11-бапты қолдану үшін экспортқа лицензия лицензияда көрсетілген тауарлар жөнелтілген келесі жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей беріледі.

II бөлім

Импорттау 10-бап

Сандық шектеулерге жататын болаттан жасалған бұйымдар импортқа рұқсат алынған кезде импортталуы мүмкін.

11-бап

1. Қауымдастықтың құзыретті органдары 8-бапта көрсетілген импортқа импорттаушы экспортқа лицензияның сәйкес түпнұсқасын берген күннен бастап 10 күн ішінде береді. Құзыретті органдардың тізімі осы Хаттамада көрсетілген.

2. Импортқа рұқсат Қауымдастықтың кеден аумағына импорт үшін оны берген күннен бастап 4 ай бойы күшінде болады.

3. Қауымдастықтың құзыретті органдары импортқа берілген рұқсатты экспортқа сәйкес лицензияны жойған кезден бастап қайтып алады. Алайда, егер Қауымдастықтың құзыретті органдары экспортқа лицензияның жойылғандығы туралы бұйымның Қауымдастықта еркін айналымнан кейін ғана хабарласа, сәйкес сандар бұйымға қатысты белгіленген шектеулер есебінде жазылады.

12-бап

Егер Қауымдастықтың құзыретті органдары Қазақстанның құзыретті органдары экспортқа берген лицензияда көрсетілген жалпы санның 2 Қосымшада көрсетілген бұйымдар үшін белгіленген сандық шектеуден асып кеткендігін айқындаса, Қауымдастықтың құзыретті органдары сандық шектеулерге жататын мұндай бұйымдарға қатысты импортқа одан әрі рұқсат беруді тоқтата тұрады. Мұндай жағдайда Қауымдастықтың құзыретті органдары Қазақстанның органдарына бірден хабарлайды және Келісімнің 9 (2)-бабына сәйкес консультациялар өткізеді.

IV ТАРАУ

Экспортқа лицензиялар мен шығу тегі сертификаттарының нысаны және берілуі және қауымдастыққа экспортқа қатысты жалпы ережелер 13-бап

1. Экспортқа лицензиялар мен шығу тегі сертификаттары ағылшын тілінде жасалады. Егер олар қолдан жасалса, мәліметтер сиямен және баспа әріптерімен ж а з ы л а д ы .

Құжаттың көлемі 210x297 мм болу керек. Пайдаланған қағаз ақ түсті, бүлінбеген және 25 г/кв.м. кем тартпауы керек. Егер құжаттар бірнеше данада болса, олардың түпнұсқасында анық "түпнұсқа", ал көшірмелерінде "көшірме" деген жазуы болуы керек. Келісімнің ережелеріне сәйкес экспорттың мақсаттары үшін жарамдысы ретінде Қауымдастықтың құзыретті органдары тек түпнұсқаны ғана алады.

2. Әрбір құжаттың ол басылғанына немесе басылмағанына қарамастан анық салыстырушылық сериялық нөмірі болу керек. Бұл нөмірлер өздеріне мына э л е м е н т т е р д і қ о с а д ы :

- экспорттаушы елді бейнелейтін яғни KZ=Қазақстан деген екі әріп;

- кедендік тазалау жөніндегі Мемлекет - Қауымдастық мүшесіне сәйкестігін білдіретін екі әріп, яғни:

В Е = Б е л ь г и я

Д К = Д а н и я

D E = Г е р м а н и я

Е L = Г р е ц и я

Е S = И с п а н и я

Е R = Ф р а н ц и я

І Е = И р л а н д и я

І Т = И т а л и я

L U = Л ю к с е м б у р г

N L = Н и д е р л а н д ы

А Т = А в с т р и я

P T = П о р т у г а л и я

F I = Ф и н л я н д и я

S E = Ш в е ц и я

G B = В е л и к о б р и т а н и я ;

- жылдың соңғы санына сәйкес келетін, жылды анықтаушы бір сан, мысалы 1999 ж ы л ү ш і н " 9 " ;

- экспорттайтын елдің белгілі беруші органын анықтаушы 01-ден 99 дейінгі екі т а ң б а л ы н ө м і р ;

- кедендік тазалау жөніндегі Мемлекетке-Қауымдастық Мүшесіне берілген бірте-бірте өсетін 00001-ден 99999 бес таңбалы нөмір.

14-бап

Экспортқа лицензия мен шығу тегі сертификаты оларға тиісті тауарлар жіберілгеннен кейін берілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда оларда "өткенге қатысты берілді" ("issued retrospectively") деген жазу болу керек.

15-бап

1. Экспортқа лицензия немесе шығу тегі сертификаты ұрланған, жоғалған немесе жойылған жағдайда экспорттаушы лицензия беруге өкілеттендірілген Қазақстанның мемлекеттік органдарына немесе Қазақстанның заңдарына сәйкес шығу тегі сертификатын беруге өкілеттендірілген Қазақстан ұйымдарына сәйкесінше экспорттаушыда бар экспортқа арналған құжаттар негізінде екінші нұсқаны беру үшін өтініш жасай алады. Осындай жолмен берілген осындай сертификаттың немесе

лицензияның екінші нұсқасында "екінші нұсқа" ("duplicate") деген жазуы болу керек.

2. Екінші нұсқада экспортқа ресми лицензияның немесе шығу тегі алғашқы сертификатының берілген күні көрсетілуі керек.

V ТАРАУ

Әкімшілік ынтымақтастық 16-бап

Тараптар осы Хаттаманың ережелерін орындаған кезде тығыз ынтымақтастықта болады. Екі Тарап техникалық мәселелер жөніндегі ынтымақтастықты қоса алғанда байланыстарға және пікір алмасуларға көмектеседі.

17-бап

Осы Хаттаманы дұрыс қолдану үшін Тараптар осы Хаттама, немесе оған сәйкес жасалған кез келген мәлімдемелер бойынша берілген экспортқа арналған лицензиялар мен шығу тегі сертификаттардың шынайылығы мен ұқыптылығын тексеру кезінде өзара көмек көрсетеді.

18-бап

Қазақстан экспортқа арналған лицензиялар мен шығу тегі сертификаттарын беруге және тексеруге құзыретті Қазақстан органдарының аттары мен мекен-жайларын олар пайдаланатын мөрлер және қол қою үлгілерімен қоса Еуропалық Қауымдастық Комиссиясына жолдайды. Қазақстан, сондай-ақ осындай өзгерген ақпараттың қандай болмасын Комиссияға хабарлайды.

19-бап

1. Шығу тегі сертификаттарын немесе экспортқа арналған лицензияларды келесі тексеру кез келген уақытта, немесе Қауымдастықтың құзыретті органдары сертификаттың немесе лицензияның немесе күмәнді тауарлардың нақты шығу тегіне қатысты ақпараттың дәлдігіне негізделген осындай бар уақытта жүзеге асырылады.

2. Мұндай жағдайларда Қауымдастықтың құзыретті органдары егер қабылдайтындай болса, осындай тексеруді ақтайтын себептерді көрсете отырып, шығу тегі сертификатын немесе экспортқа арналған лицензияны немесе оның көшірмесін Қазақстанның сәйкес органдарына қайтарады. Есеп-фактура жіберілген жағдайда, осындай есеп-фактура немесе оның көшірмесі сертификатқа немесе лицензияға немесе оның көшірмесіне қоса жіберіледі. Құзыретті органдар сол сияқты жоғарыда аталған сертификаттағы немесе лицензиядағы мәліметтердің анық еместігін дәлелдейтін кез келген алынған ақпаратты беруге тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағының Ережесі сол сияқты осы Хаттаманың 2-бабында

көзделген шығу тегі сертификаттарын келесі тексерулерге қолданылады.

4. 1 және 2, одан жоғары тармақтарға сәйкес жүргізілген келесі тексерулердің нәтижелерін Қауымдастықтың құзыретті органдары тексеруден соң үш айдың ішінде жібереді. Мұндай ақпаратта күмәнді сертификат, лицензия немесе мәлімдеме шын мәнінде экспортталған тауарға қатыста қолданылды ма, немесе Келісімде белгіленген уағдаластыққа орай сондай тауарлар экспортқа жіберілді ме солар көрсетілулері тиіс. Ақпаратта сол сияқты Қауымдастықтың талабы бойынша шындықты, атап айтқанда, тауардың анық шығу тегін толық ашу үшін қажет бар құжаттардың көшірмелері болуға т и і с .

Егер осындай тексерулер шығу тегі сертификаттарын қолдануда ұдайы бұзушылықтарды ашатын болса, Қауымдастық осындай бұйымдардың импортын осы Хаттаманың 2 (1)-бабының ережелеріне сәйкес жүзеге асыра алады.

5. Шығу тегі сертификаттарын келесі тексеру мақсатында сертификаттардың, экспортқа қатысты кез келген құжаттардың көшірмелері осы Келісімнің біткен күнінен бастап бір жылдан кем емес Қазақстанның сәйкес құзыретті органдарында сақталады.

6. Осы бапта көзделген кез келген уақытта тексеру осындай тауарлардың еркін айналысына бөгет етпеуі тиіс.

20-бап

1. 19-бапта көрсетілген тексеру рәсімі, немесе Қазақстанның немесе Қауымдастықтың құзыретті органдарында бар ақпарат Келісімнің ережелерін бұзатындығын көрсететін болса, екі Тарап сәйкес мерзімдерде мұндай бұзулардың алдын алу үшін тығыз ынтымақтастықта болады.

2. Қазақстанның сәйкес органдары өз бастамасы бойынша немесе Қауымдастықтың талап етуі бойынша бұзушылық болып табылатын операцияларға қатыста немесе Қауымдастықтың пікірінше осы Хаттама бұзылды дегенде сәйкесінше тергеулерді жүргізеді немесе ұйымдастырады.

3. Тараптардың келісімі бойынша Қауымдастық тағайындаған лауазымды тұлғалар осы баптың 2-тармағында ескерілген тергеулер кезінде қатыса алады.

4. Осы баптың 1-тармағында ескерілген ынтымақтастыққа сәйкес Қазақстан мен Қауымдастықтың құзыретті органдары Келісім ережелерін бұзушылықты болдырмау үшін Тараптардың қайсысы болсын қажет деп санайтын кез келген ақпараттармен алмасады. Мұндай алмасу, атап айтқанда, егер осындай тауарлар олар Қауымдастыққа импортталғанға дейін Қазақстанның аумағы арқылы тасылуы мүмкін деп санауға Қауымдастықтың негізделген себептері болса, Қазақстан мен үшінші елдер арасындағы осы Келісімде ескерілген бұйым түрлерімен сауда туралы ақпаратты қоса алады. Қабылдайтындай болса, бұл ақпарат Қауымдастықтың талап етуі бойынша барлық сәйкес құжаттардың көшірмелерін қоса алады.

5. Егер жеткілікті айғақтар осы Хаттаманың ережелерінің бұзылғандығын куәлендіретін болса, Қазақстанның немесе Қауымдастықтың құзыретті органдары мұндай бұзушылықтардың алдын алу үшін кез келген қажетті шараларды қолдануға келісе алады.

Б ХАТТАМАСЫ

Осы Келісіммен қамтылған бұйымдарға қатыста бәсекелестік, мемлекеттік көмек және қоршаған ортаны қорғау.

I ТАРАУ

Мақсаттар 1-бап

Хаттаманың мақсаты мыналар болып табылады:

- бәсекелестікке, мемлекеттік көмекке және қоршаған ортаны қорғауға қатыста баламалық тәртіптерді үдемелі пайдалану арқылы болат бұйымдарымен сауда жасауды ырықтандыру бойынша сәйкес рыноктық жағдайларға жетісуді жеңілдету; және
- келісіммен қамтылған болат бұйымдарымен Тараптар арасындағы саудаға әсер етуі мүмкін кәсіпорындар бәсекелестігіне шектеулерді алу немесе мемлекеттік араласудан туындаған шектеулер кезінде үдемелілікті бағалау үшін база орнату.

II ТАРАУ

Бәсекелестік және мемлекеттік көмек 2-бап

Егер Қазақстан мен Қауымдастық арасындағы саудаға әсер ететіндей болса, мыналар Келісімнің ойдағыдай жұмыс істеуімен сыйыспайтын болып табылады:

- а) бәсекелестікті болдырмауды, шектеуді немесе бүлдіруді мақсат еткен барлық қауымдасқандық немесе топтасқандық сипаттағы барлық келісімдер;
- б) Қазақстанның немесе Қауымдастықтың аумағында тұтастай немесе олардың едәуір бөлігінде басым айқындамадағы бір немесе бірнеше міндеттемелермен теріс п а й д а л а н с а ;
- с) зерттеулер мен дамытуларға, қоршаған ортаны қорғауға немесе зауытты жабуға немесе әлеуметтік қолдауға қатыста соған сәйкес белгілі бір шараларды қоспағанда, федералдық, мемлекеттік, аумақтық немесе өкіметтің жергілікті органдары көрсеткендеріне қарамастан мемлекеттік көмектің кез келген түрі.

Нарықтық экономиканың әдеттегі инвестициялық тәжірибесіне сәйкес шын мәніндегі тәуекелдік капитал болып саналмайтын мемлекеттік көмек, басқаларымен бірге, акциялар пакетін сатып алу немесе капитал беру немесе осыған ұқсас қаржыландыруларды өзіне қосады.

3-бап

1. Келісім күшіне енген күннен бастап 18 ай ішінде осы Келісіммен қамтылған бұйымдарға қатыста 2-бапты орындау үшін Тараптар Хаттармен Алмасу түріндегі Келісім жолымен қажетті ережелерді келіседі.

2. Тараптар Қазақстан мен Қауымдастық болат балқыту өнеркәсібіне мемлекеттік көмек қатысында қабылданған барлық қазіргі немесе болашақ халықаралық міндеттемелерді есепке алуға келіседі.

3. Егер Қазақстан мен Қауымдастық арасындағы саудаға ықпал ететіндей болса, Тараптар осы Келісімнің әрекет мерзімі аяқталғанға дейін 6 айдан кешіктірмей бәсекелестік, мемлекеттік көмек және қоршаған ортаны қорғау қатысында баламалық тәртіптемелерді қолданатын болады.

4-бап

1. Тараптар арасындағы Әріптестік және Ынтымақтастық туралы Келісіммен жасалған көмір мен болатқа байланысты мәселелер жөніндегі Байланыс тобына басқаларымен бірге сәйкес ақпаратты беру жолымен Тараптар өздерінің сәйкес аумақтарында мемлекеттік көмек саласындағы мөлдірлікті қамтамасыз етеді. Тараптардың қайсысы болсын, олар осы Келісіммен сыйыспайды деп санаса, көмір мен болатқа қатысты мәселелер жөнінде кез келген мәселені Байланыс Тобының алдында к ө т е р е а л а д ы .

2. 2 және 3-баптарда көзделген ережелерді орындай отырып, Тараптар тығыз ынтымақтаста болуға және барлық заң жобалары туралы олар күшіне енгенге дейін бір-біріне хабарлап отыруға келіседі.

5-бап

1. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін 3 жылдан соң бітетін өтпелі кезең барысында, және осы Хаттаманың 2 (3)-бабынан алу жолымен Қазақстан жекелеген болат балқыту кәсіпорындарын қайта құрылымдау мақсатында ерекше негізде мынадай шарттармен мемлекеттік көмек бере алатындығын Тараптар таниды:

- қайта құрылымдау бағдарламасының орындалғандығы туралы барлық ақпараттармен алмасуды жалғастыру жолымен мөлдірлікті қамтамасыз ету; мұндай ақпарат көмектің сомалары, кезеңділігі және мақсаттары туралы мәліметтерді, сондай-ақ қайта құрылымдауға байланысты барлық сәйкес техникалық және экономикалық мәліметтерді келтіретін реформалаудың егжей-тегжейлі жоспарын қ о с а д ы ;

- мұндай қайта құрылымдау бағдарламасы өңделмеген болат пен ыстық прокатты өндіру көлемін азайтып тиімдендіруге әкелуге тиіс; және

- мұндай көмек қайта құрылымдау кезеңінің аяғында оңтайлы нарық жағдайында сәйкес компаниялардың өміршеңдігіне әкелуге тиіс; және
- жоғарыда аталған компаниялардың өміршеңдігі үшін берілген көмек сомасы оның мақсаттарына тепе-тең емес және шын қажетті көлемде және дүркіндікпен берілуі тиіс.

2. Қазақстан осы бап бойынша беру үшін көзделген кез келген көмек туралы Қауымдастыққа жеткілікті ерте хабарлайды және жоғарыда көрсетілген өлшемдерге көмектер мен қайта құрылымдау сәйкес пе, соны бағалау үшін қажет бар ақпаратты Қауымдастыққа хабарлайды.

III ТАРАУ

Қоршаған ортаны қорғау 6-бап

1. Тараптар қоршаған ортаның нашарлауының алдын алу үшін, атап айтқанда, заңдарды жақсарту және сақтық шараларын қолдану жолымен, ынтымақтастықта б о л у ғ а к е л і с е д і .

2. Тараптар Болат және Көмір жөніндегі Байланыс Тобына сәйкес ақпаратты беру жолымен сәйкес аумақтардың болат секторындағы негізгі проблемалар туралы бір-біріне егжей-тегжейлі хабарлап отыруға келіседі.

3. Тараптар басқаларымен бірге болат балқыту секторының қызметімен байланысты қоршаған ортаға қатысы бар өздері бекіткен сәйкес халықаралық келісімдерді сақтауға міндеттенеді. Тараптар мұндай келісімдерді барынша тез бекітуге және орындауға міндеттенеді. Мұндай келісімдер, атап айтқанда, Ауаның ластануы туралы 1979 жылғы Конвенцияны Z000089_ және оның хаттамасын, Қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы 1991 жылғы Конвенция, Z000086_ Халықаралық көлдерді қорғау туралы 1992 жылғы Конвенция Z000094_ және Климаттық өзгерістер туралы 1992 жылғы Конвенцияны U952260_ қосады.

IV ТАРАУ

Техникалық ынтымақтастық 7-бап

Қауымдастық осы Хаттаманы орындау, атап айтқанда, бәсекелестік және мемлекеттік көмекті ережелерін дамыту үшін, сондай-ақ қажетті атқару тетіктерін жасау үшін Қазақстанға қолда бар қаражаттар шегінде техникалық көмек көрсетеді.

Б Хаттамасының 3-бабы бойынша

Көмір және Болат жөніндегі

Еуропалық Қауымдастықтың

ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Б Хаттамасындағы 3-баптың 1 пунктінде келтірілген әділ бәсекелестік туралы Ереже күшіне енгеніне дейін ол 2-бапқа жататын кез-келген тәжірибені Көмір және Болат жөніндегі Еуропалық Қауымдастық белгілеген Шарттың 65 және 66-баптарындағы Ережелерден туындайтын өлшемдер негізінде, және екінші заң шығаруды қоса алғанда Мемлекеттік көмек туралы Қауымдастықтың ережесімен бағалайтындығын мәлімдейді.

М а м а н д а р :
Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК